

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

Оқытушы : Профессор Әбенбаев С.Ш

◎ 6 - Лекция

- ◎ *Сынып сағаты – тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы*

Мақсаты:

*Студенттерге болашақта оқушылармен ұйымдастырылатын сыныптан тыс тәрбие жұмысының негізгі формасы **сынып сағатының** маңызын түсіндіру, оны даярлау және өткізу технологиясын меңгерту.*

◎ *Жоспары:*

- ◎ 1. **Сынып сағаты** – тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы.
- ◎ 2. Сынып сағатын даярлау және өткізу технологиясы.
- ◎ 3. Сынып сағатының түрлері немесе классификациясы.
- ◎ 4. Сынып сағатын нәтижелі ұйымдастыруға қойылатын талаптар жүйесі.
- ◎ 5. Сынып сағатының құрылымы.
- ◎ 6. Сынып сағатын нәтижелі ұйымдастыру шарттары.
- ◎ 7. Тақырыптық тәрбие сағатына өткізуге арналған үлгі.
- ◎ 8. Тәрбие сағатының талдау үлгісі.

◎ *Проблемалық сұрақтар:*

- ◎ 1. Сынып сағаты немесе тәрбие сағаты дегеніміз не және олардың қандай айырмашылықтары бар?
- ◎ 2. Сынып сағаты – тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы дегенді қалай түсінеміз?
- ◎ 3. Сынып сағатының тәрбиелік қызметтіне не жатады және олардың өзара ерекшеліктері қанлай?
- ◎ 4. Сынып сағатын ұйымдастыру бағыттары және олардың бір-бірінен ерекшелігі қандай?
- ◎ 5. Сынып сағатын даярлау және оны ұйымдастыру, өткізу технологиясының ерекшеліктері қандай?
- ◎ 6. Сынып сағатының түрлері және ерекшеліктері қандай?
- ◎ 7. Сынып сағатының құрылымы қанша бөлімнен тұрады және олардың міндеттері қандай?
- ◎ 8. Сынып сағатын ұйымдастыруға қойылатын талаптар қандай?
- ◎ 9. Сынып сағатын нәтижелі ұйымдастыру шарттары қандай?
- ◎ 10. Тәрбие сағатын талдау бағыттары мен ұйымдастыру технологиясы қалай құрылған?

1. Сынып сағаты – тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы.

Мектептегі әрбір мұғалімге оқу процесін ұйымдастырудың негізі формасы сыныптық-сабақ жүйесі екендігі түсінікті. Сол секілді орта мектептегі оқушылармен ұйымдастыратын тәрбие жұмысының негізгі формасы - **сынып** немесе **тәрбие сағаты** деп аталады. Соның негізінде оқушылар мұғалімдердің басшылығы арқасында өздерін қоршаған өмірге жүйелі қатынасын қалыптастыратын арнайы ұйымдастырылған **тәрбиелік әрекеттерге** қатысады.

Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысында сынып сағатының алатын орны өте ерекше. **Сынып сағаты** - оқушылардың адамгершілік қасиетін қалыптастыруда, өнер саласындағы талғам-тілектерін тәрбиелеуде, адамдар өмірінде кездесетін жағымды-жағымсыз мінез-құлық нормаларына, олардағы дұрыс көзқарасты қалыптастыруға, елжандылық сезімдерін шыңдауда, *сабақтан тыс кезде өткізілетін тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі бір формасы* болып саналады.

Сынып сағаттарын өткізу барысында оқушылардың танымдық белсенділігі артады, оларда іскерлік, дағды қасиеттері қалыптасады және дамиды,

Сынып сағаты мынандай тәрбиелік қызметті атқарады: **ағартушылық, бағыттаушылық, болжамдылық және қалыптастырушылық.**

- Сынып сағатының *ағартушылық қызметі* оқушылардың оқу бағдарламасында қамтылмаған білімдерінің көлемін кеңейтеді. Яғни, онда қарастыратын нысана өмірдің барлық құбылысын қамтиды.
- *Нәтижесінде, олардың дүниетанымы дамиды.*

Болжам жасау қызметінде оқушыларда ақиқат өмірге белгілі бір қарым-қатынасты қалыптастыру, оларда белгілі бір заттық және рухани құндылықтарды жасау болады. *Егерде сынып сағатының ағартушылық қызметі айнала қоршаған өмірмен танысуда дүниетанымды дамытуға мүмкіндік берсе, ал болжам жасау қызметі оның нәтижесін алдын-ала бағалауға көмектеседі.* Бұл оның негізгі қызметі. Дегенмен де ол сынып сағатының ағартушылық қызметімен өзара байланыста болады.

Бағыттаушылық қызметі, ол оқушылардың өмірін шынайы практикалық әрекетке бағыттауға көмектеседі. Егерде сынып сағатын өткізу барысында онда белгілі бір нақты бағыттылықтың болмауы, онда оның ықпал ету әсерін төмендетеді, білім сенімге айналмайды, соның нәтижесінде тұлғаның мінез-құлқында келеңсіз сапалардың пайда болуына жағдай туады.

Қалыптастырушылық қызметі жоғарыда аталған 3 қызметтің орындалуымен байланысты болып келеді. Мәселен, оқушыларды әрбір ісін ойланып істеуге және өздерін, сонымен бірге өздерінің өмірін бағалауды дағдыға айналдыруға, топпен диалог құра білу біліктілігін тәрбиелеуге, өзінің пікірін қорғай білуді қалыптастыруды көздейді.

Сынып сағаты негізінен **екі бағытта** жүргізіледі.

Біріншісі, әдетте өткен апта негізінде сыныптағы оқушылардың **үлгерім нәтижелері, олардың сабаққа қатысуы, тәртібі, оқуы, қоғамдық істері және олардың бір-бірімен қарым-қатынасы** жайлы т.б. мәселелер қаралады. Оны **ұйымдастыру** тек сынып жиналыстары негізінде атқарылады.

Екіншісі, әр тараптағы атқарылатын әртүрлі **тәрбиелік шаралар**. Олардың қатарына **қызықты әңгімелер, кездесулер, пікірталас пен оқырмандар конференциясы, тақырыптық кештер, байқаулар және т.б.** бағыттағы тәрбие жұмыстарын жатқызуға болады. Бұларды **тәрбие сағаты** деп атайды.

Сонымен қатар,
сыныптан және
мектептен тыс тәрбие
жұмыстары да сынып
немесе **тәрбие**
сағаттары деп
аталады

Онда өндіріске, табиғат аясына бару, оқушылардың теориялық білімдерін практикалық тұрғыдан шыңдау, оларға деген көзқарастарын қалыптастыру, тамашалау, олардан әсер алу мақсаттарын көздесе, өздері туып-өскен ауыл өмірінің тіршілігіне атсалысуда тәрбие сағаттарының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Мысалы, табиғатты қорғауға қатысты тәрбие сағатын орман-тоғайда, кітапты таза әрі күтіп ұстауға қатысты мәселені ауыл жағдайында кітапханада, қала жағдайында баспалар үйінде т.с.с. өткізген жөн.

Әдетте сынып сағаты **аптаның нақтылы бір күні өткізіледі**. Онда сыныптың нақтылы жағдайына және тәрбие жоспарына байланысты **оның ұйымдастыру формасы анықталады**. Мүмкін сынып жиналысы немесе тақырыптық тәрбие сағаты, болмаса сыныптан, мектептен тыс жұмыс болып. Соған орай тәрбие сағаты мен сынып жиналысының **міндеттері, ұйымдастыру формалары және тәсілдері әртүрлі болып келеді**. Тәрбие сағатының сынып жиналысынан **ерекшелігі, талқыланып отырған мәселеге қатысты соңынан шешім қабылданбайды**.

2.11.2. Сынып сағатын даярлау және өткізу технологиясы

Сынып сағатын даярлау және өткізу технологиясына ең алдымен оның мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, оқушылардың қабілетін анықтаудан басталады.



Сынып сағатын өткізуде **дайындық** жұмыстарының тәрбиелік маңызы ерекше. Онда оқушылардың жауапкершілік сезімі мен ынтасы артады, белсенділігін тәрбиелеуге ықпалын тигізеді. Сынып сағатын дайындау және оны өткізу жеке басты қалыптастыруда біріңғай тәрбиелік міндеттерді атқарады. Мәселен, сынып сағатын дайындау барысында оқушылар оның материалдарын өз беттерінше іздеп-тауып, оған қатысты альбомдар әзірлейді, сурет салады, қабырға газеттерін шығарып, сыныпты безендіруге ат салысса, кейбір жекеленген топ оның мазмұны мен өткізу бағдарламасын жасайды. Мұндай тапсырмалар оқушыларды іскерлікке, тапқырлыққа шыңдап, дағдыларын қалыптастыра отырып, білім дәрежелерінің артуына да оң ықпалын тигізеді.

Әрине, сынып сағатын өткізу барысында, сынып жетекшісі оның тақырыбын, сыныптың нақты жағдайын, оқушылардың тәрбиелік деңгейін, олардың адамгершілік сапасының көлемін, белгілі бір бағытта көзқарасын, қызығушылығын, талап-тілегін алдын ала анықтау барысында белгілейді (сауалнама, әңгіме жүргізу арқылы, зерттеу жұмыстары қорытындысы бойынша т.с.с.).

Сынып сағатын дайындау және өткізу жұмыстарында **әртүрлі формалар мен әдістер** және **құралдар** қолданылады: әңгіме, газет және журнал материалдарын оқып, соңынан талдау жасау, мамандардың белгілі бір тақырыптарға дәрістері, «дөңгелек стол» өткізу, өнер туындыларымен танысу, оқушылардың өздері жасаған шығармашылық жұмыстары т.б.

Тәжірибе көрсеткендей, оқушылар үшін ең қызықты да нәтижелі өткен сынып сағатына, олардың ұжым болып атқарған **шығармашылық әрекеттерінің** амал-тәсілдері болатындығы. Сондықтан сынып немесе тәрбие сағаттарын өткізуде сынып жетекшілерінің еске алатын негізгі міндеті, осы істерге **оқушылардың өздерін қатыстыру**, оған олардың белсене араласуын, кез-келген оқушының тәрбиелік шаралар барысында, яғни оларды дайындау және өткізу кезінде қалыс қалмауын қадағалау. Ол үшін оқушылардың өздерін қатыстыра отырып, оларға белгілі бір бағытта нақтылы тапсырма беріп, олармен ақылдасып, кеңесіп отыру, тәрбие белсенділерімен алдын ала атқарылатын тәрбиелік шаралар төңірегінде әңгімелесіп, олардың қорытындысын барлық оқушылармен бірге тұжырымдап, әрқайсысына жеке-дара жұмысының барысында оның нәтижелі болуын қамтамасыз етеді. Сондықтан, сынып жетекшісі сынып немесе топтап тапсырмалар беріп отыруы қажет. Сонда ғана ол қызықты, әрі табысты өтеді.

Сынып сағаттарын өткізуде оқушыларға ұнамайтын, **іш пыстыратын** әңгіме жүргізу немесе жаттанды, таптауырын болған сценарий бойынша әдеби-музыкалық монтаж жасау арқылы тәрбие шараларын ұйымдастыру тәсілі мектеп өмірінде орын алған. Қазіргі кезде ескірген мұндай тәрбие тәсілдері оқушылардың жан дүниесін тәрбиелеп, олардың адамгершілік мінез-құлық нормаларын қалыптастыру орнына, керісінше оларды мезі етеді.

Ол үшін **ток-шоу, пікірталас /диспут/ , сұрақ-жауап кештері, қоғамдық-саяси үйірмелер мен клубтар, оқырмандар конференциялары, мектеп театрлары мен үгіт бригадалары, туристік жорықтар** т.б. бағыттағы жұмыстарды жандандыру қажет. Тіпті болмаса, қажетті тәрбиелік шараларды оқушылардың өздерінен сұрап, ақылдасып шешсеңіз, қаншама жаңа, тың ұсыныстар мен қызықты кештерді олардың өздері-ақ ұсынып, ұйымдастыра алар еді.



Тіпті болмаса оларға **сауалнама** сұрақтарын таратып, олардан, мысалы: “Өз жолдастарыңа қандай сынып сағаттарын дайындап, өткізгенді қалар едің?” деп бастама көтерсең және оларға сенім артсаң, онда сынып сағаттары-ның маңызы артып, өз нәтижесін беретіні анық болар еді.



. Осындай ұйымдастырушылық жұмыстан кейін сынып жетекшісінің рөлі өзгеріп, оқушылар алдында беделі артары сөзсіз. Ендігі жерде ол **ақыл-кеңес, бағыт-бағдар беруші** ретінде өзінің жоғары қызметін атқарды.



Мұндай жағдайда оқушылардың **өзін-өзі басқаруға** деген ықласы мен белсенділіктері де артады.

Ал, басқа жағдайда сынып жетекшісі оқушылардың қатынасуынсыз белгіленген тәрбиелік шараларды өздері атқаруға мәжбүр болады. Мұндай жағдайда кімді-кім тәрбиелеп жатқанын айыру қиынға соғады



Тағы да бір ескеретін жәйт, кейбір жағдайда **сынып сағатын сынып жиналысымен** шатастырады. Бұл негізінен дұрыс емес, әрқайсысының ұстанымы мен ерекшелігіне жете мән бермейді, оларды ұйымдастыру тәсілдерін дұрыс қолданбайды.



Сынып сағатын дайындау барысында оның өту мерзімі мен уақытын алдын-ала белгілеп, өтуін сол кезде нақтылы ұйымдастыру, оқушылар арасында берік сенім мен тәртіптің қалыптасуына оң ықпалын тигізеді.

Егерде **дәлдік болмаса**, онда тәртіп те, жауапкершілік те болмайды. Мұндай әрекет негізінде тәрбие сағатының маңызы төмендеп, оның мақсатына жету оңайға түспейді.

Кейбір жағдайда мектеп көлемінде бір мезгілде бірнеше тәрбие шаралары белгіленеді. Осы орайда кейбір сынып сағатының мерзімі басқа уақытқа өзгертіледі. Мұндай жағдай оқушыларда **салғырттық** пен **немқұрайлық** мінездің пайда болуына әкеп соғады.

Бұдан шығатын қорытынды оқушыларды тәрбиелеу процесі тек сынып сағатын өткізу барысында ғана емес, **оның өн бойында**, яғни оған дайындық кезеңінен, өткізу және одан кейінгі мерзім аралығында бірыңғай, біртұтас **кешенді** жүйеде атқарылатындығын естен шығармауымыз керек.

2.12.3. Сынып сағатының түрлері немесе классификациясы

Сынып сағатының мазмұны, формасы, әдіс-тәсілі және оларды дайындау мен өткізу әдістемесі жағынан әртүрлі болып келеді.

Бүгінде сынып сағатын балалар әрекетінің сипатына, олардың белсенділігі және дербестігі, өздігінен жұмыс істеу дәрежесіне, тәрбие сағатын дайындау және өткізуде мұғалімнің рөлі қаншалықты екендігіне байланысты 3 түрге жіктеу қарастырылуда.

Біріншісіне, сынып сағатын өткізуде кең көлемде білім, мағлұматтың, өмірлік және педагогикалық тәжірибенің болуы талап етіледі. Мұндай жағдайда балалар әңгіме барысында тек кейбір сұрақтарды талқылауға, деректерді мен мысалдарды келтіруге тартылады. Мысалы, “Өзін-өзі тәрбиелеу туралы”, “Өздігінен білім алу дегеніміз не?”, “Есте сақтау қабілетін қалай дамытуға болады?”, “Көркемөнер талғамы және сән” т.б. тәрбие сағаттарының тақырыптарын талқылауда ұстаздарды, мамандарды, психологтарды, лекторларда шақырған жөн. Мұндай жағдайда сынып жетекшісінің міндеті - оқушылар алдында олардың шығып сөйлеуіне көмектесу, жағдай туғызу.

Екінші түрі, мұғалімдер мен оқушылардың өзара бірлікте атқаратын әрекетімен сипатталады. Ондағы негізгі ойды анықтау негізінен мұғалімге жүктелсе, оның жолда-рын, амал-тәсілдерін құру әрі жүзеге асыру мұғалімнің оқушылармен бірлесіп атқаруымен сипатталады.

Оқушылар мұғалімнің басшылығымен тәрбие сағатының жоспарын және мазмұнын құрайды, мұғалім оқушыларды талқыланып отырған сұраққа шақырып, олардың сөздерін үйлестіріп, бағытын қадағалап, оның барысын өзі жүргізеді. Онда қаралатын мәселе тақырыбына: “Адамның сырт көрініс мәдениеті“, “Адамның сырт көрінісі және ішкі мәдениетінің әдемілігін тәрбиелеу”, “Адам өміріндегі жолдастық, достықтың маңызы” т.с.с.

Үшінші түрі, оқушылардың өзіндік дербес белсенді жұмысымен сипатталады. Яғни, тәрбие сағатын дайындау, өткізу барысы оқушылардың өздеріне немесе белгілі бір нақты топқа тапсырылады. Сынып жетекшісі оқушылармен бірігіп оның негізгі ойын, бағытын және жоспарын құруда оларға көмектеседі. Тәрбие сағатын өткізу оқушылардың өздеріне жүктеледі.

Сынып сағатының мұндай түрі төмендегідей жағдайды ойластырғанда ғана мүмкін болады:

- оқушыларда талқыланып отырған сұраққа қатысты белгілі бір деңгейде білім көлемі мен мағлұматтардың болуы; олар үшін, оның түсінікті, өздігінен ұғынуларына ыңғайлы болуы;
- оқушылардың көпшілік бөлігінде ұжымдық шығарма-шылық жұмыстарына қатысты біліктілік және дағдылардың болуы; дербестіктің және жауапкершіліктің болуы;
- сынып белсенділері тәрбие сағатын дайындау және өткізу барысында ұйымдастыру және үйлестіру орталығы бола білуі;

4. Сынып сағатын нәтижелі ұйымдастыруға қойылатын талаптар жүйесі

Оқушылармен бірлесе тәрбие сағатының тақырыбын, мақсат, міндеттерін алдын-ала анықтау.

Сынып сағатының міндеттеріне сай оның мазмұнына қатысты материалдар тиянақты жинау.

Сынып сағатын дайындау және өткізудің жоспарын нақты жағдайға байланысты құру.

Көрнекі құралдарын, музыкалық шығармаларын таңдау, бөлмені алдын-ала тыңғылықты даярлау.

Сынып сағатының дайындық және өту барысында талқыланып отырған мәселеге оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін оятуда олардың санасына, сезіміне және мінез-құлқына әсер ететін әртүрлі амал-тәсілдерді ойластыру.

Оқушылар ұжымында ашық әңгіме, жайма-шуақ жағдай туғызу.

Сынып сағатына оқушылардың ата-анасын, жолдастарын, мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерді шақырудың тиімділігін анықтау.




Сынып сағатына оқушылардың ата-анасын, жолдастарын, мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерді шақырудың тиімділігін анықтау.

Оқушылардың келешек практикалық әрекеттерінде тәрбие сағатынан алған мағлұматтарын пайдалану және бекіту жолдары мен мүмкіндіктерін қарастыру.

Сынып жетекшісі оқушылардың **психологиялық даярлығына** да баса назар аударады. Оқушылар тәрбие сағатынан ерекше бір нәтиже күтіп, өздерін маңызды әңгімеге даярлайды. Мұндай көңіл күй сынып жетекшісінің тәрбие сағатын өткізу хабарламасынан бастау алады. Дегенмен де дайындық кезеңінің ең тамаша тәсілі болып, оқушылардың өзара **ұжымдық шығармашылық әрекетін** жатқызуға болады. Белгілі бір тапсырма алып, топқа бөлінген оқушылар әзірлік жұмыстарына бірге атсалысады, оның нәтижесін бірге талқылайды.

5. Сынып сағатының құрылымы

Сынып сағатын өткізу құрылымы негізінен **3 бөлімнен** тұрады:



Ұйымдастыру бөлімінде оқушылардың назарын талқылап отырған тақырыптың мақсат, міндеттерінің маңыздылығына аударып, оның барысымен таныстырады. Кіріспе сөзді оқушыларға ой тастайтындай проблемалық жағдаяттан немесе тақырыпқа қатысты кейбір деректерден мысал келтіру арқылы ұйымдастырған жөн. Бұл оқушы-лардың қызығушылығы мен көңіл-күйін көтеруге мүмкіндік береді. Ол шамамен 5-7 минут уақыт мөлшерін алады.

Негізгі бөлімнің міндеті тәрбие сағатының міндеттері мен қызметі арқылы анықталады. Бұл бөлімде жоспарда көрсетілген негізгі талқыланатын мәселелердің мазмұны ашып көрсетіледі. Оқушылар тақырыпта қаралып отырған мәселеге қатысты жаңа мағлұматтар алады, оған өздерінің көзқарастарын білдіріп және пікірлерін қосады, сонымен бірге алдын ала даяраған материалдары бойынша жұмыс істейді. Белсенділік көрсетіп, оны қызу талқылайды. Соған орай тәрбие сағатының басым уақыт мөлшері осы бөлімге беріледі.

Бұл кезеңде мұғалім немесе сынып жетекшісі балалардың белсенді қатысын орнықтырып, тәрбиелік ықпалды күшейтеді. Оның нәтижесі алдын-ала жасалған болжамға қаншалықты сай келетінін анықтайды.

Қорытынды бөлімде оқушылардың тәрбие сағатынан алған әсерлерін, қанағат сезімдерін орнықтыру, олардың жеке бастарына және сынып өміріне немесе мінез-құлқына жаңа сипат ендіруге деген ықыластарын ояту, келешекке деген талпыныстарын, сенімдерінің пайда болуына әсер ету. Бұл бөлім уақыт мөлшері жағынан шектеулі, онша ұзақ болмайды. Себебі, оқушылардың негізгі бөлімнің мазмұны арқылы алған әсерлеріне кері ықпалын тигізбеуі және оларды мезі етпей, көбінесе демалысына, жақсы көңіл күйіне баса назар аудару қажет. Сонымен бірге сынып жетекшісі тәрбие сағатының қорытынды бөлімінде оқушыларға кеңес беріп, оның жұмысын қорытындылайды. Бұл бөлім мұғалімге қаралып отырған мәселені оқушылардың практикалық тұрғыдан жүзеге асыруына мүмкіндік туғызады. Тәрбие сағатының жоспарын құру барысында жоғарыда көрсетілген бөлімдердің өзара логикалық байланысын, жүйелігін қамтамасыз етуді бірінші кезекте ойластыру қажет. Мәселені айқын қою - бірінші бөлімнің міндеті болса, оның шешімін табу - екінші бөлімнің міндеті, ал үшінші бөлімнің міндеті - ондағы шешімнің маңыздылығын анықтау.

2.12.6. Сынып сағатын нәтижелі ұйымдастыру шарттары

Сынып сағатын нәтижелі ұйымдастыру көбінесе мына **шарттарды** еске алған жағдайда табысты болмақ.

1. Сынып жетекшісі тәрбие сағатының ұйымдастыру формалары мен мазмұнын, амал-тәсілдерін түрлендіріп отырғаны абзал.
2. Тәрбие сағатының мазмұнын құрастыруда оқушыларға жаңа мағлұмат бере отырып, біртіндеп оны бағалау, талдау әрекетіне көшіп отыру тиіс.
3. Сынып жетекшісі тақырыпты немесе мәселені талдау барысында оқушылардың сөзіне аса жауапкершілікпен назар аударып отыруы, кезі келген жағдайда түзетулер енгізіп отыруы, қосымша сұрақтар қоюы, олардың назарын мәселенің басты идеясына бұрып, жетелеп, ой тастап, көмектесіп отыруы қажет.
4. Оқушылардың материал мазмұнын қабылдаудың психологиялық ерекшеліктерін ескеру керек. Әсіресе тәрбие сағатының шамамен 20-25 минут өту барысында оқушылардың белсенділігі бәсеңдеу болған жағдайда мазмұны қызықты жаңа мәселені қою, таңқаларлық жағдаят ойластыру, әрекет түрін өзгертуді ойластыру қажет.

5. Сынып жетекшісінің сөз мәнері, дауыс ырғағы, оның қарым-қатынаста тілектестігін ескерудің маңызы өте-мөте ерекше.

6. Сынып сағатын өткізу барысында оқушылардың мінез-құлқы турасында үгіт-насихат айтуға жол бермеу керек. Мұндай жағдай тәрбиенің нәтижесіне кері ықпал етуі мүмкін.

7. Сынып сағатының барысында оқушылардың орналасуы, кіммен парталас болу, таңдау құқығын өздеріне қалдыру.

8. Тәрбие сағатын өткізу тәжірибесін жинақтауды біртіндеп дәстүрге айналдыру қажет.

9. Сынып сағатын өткізу барысында оқушылардың жағымды қарым-қатынасын тәрбиелеу қажет (тыныштықты сақтау; сөйлеушілердің сөзін бөлмеу, жақсылап тыңдау; өкпе-наз, талас тудырмау;). Мұндай дәстүрлі тәртіптің орнығуы оқушыларда жалпы мінез-құлық мәдениеттің қалыптасуына ықпалын тигізеді.

- Қоғамдық пайдалы еңбекке қатысты сыныпты ұйымдастыру қажет болды. Жұмысқа қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар бөлінді. Ең алдымен, сол құрал-жабдықтар мен материалдардың тізімін және оқушылардың алған заттарын қай уақытта қайтаруы қажеттігін дәптеріңе белгілеп ал.
- Әр жұмыс орнына жауап беретін оқушыны белгіле. Олармен істің барысы, атқарылған жұмыстары туралы есеп беретін он бес минуттік кеңес өткізуді басшылыққа ал.
- Екінші дәрежедегі іспен шұғылданбауға тырыс, бар күш-жігерді басты жұмысқа жұмылдыр, көмекшілеріңнен де осыны талап ет.
- Алда істелер іске барлық оқушыларды, соның ішінде белсенділерді тартуға қол жеткіз.
 - Жоспарланған істі дер кезінде орындамаған себепті кейінге қалдырудан аулақ бол.

- Сенім білдіре отырып тексеруді ұмытпа: жалпы іс барысын қадағалап қана қоймай, жеке оқушылардың жұмысты қалай орындап жатқанына көңіл бөліп, кемшіліктерді уақтылы түзетуге күш сал.
 - Өзіңнің жақсы ісіңмен үлгі болып, басқаларға өнеге көрсет.
 - Мақтауға, жақсы ықылас-пейіл білдіруге сараңдық жасама, мұндайда мейлінше әділ бол, жұмысқа баға бергенде өзіңнің жеке басыңның жақсы көру не ұнатпау сезімдеріне билетпе, біреуге ескерту айтқанда әдеп шеңберінен аспа, мейлінше ұстамды бол, алғашқы ескертпені ел көзінше емес, оңаша айтқаның жөн

2.12.7. Тақырыптық тәрбие сағатына өткізуге арналған үлгі

Тақырыбы. «Қазақ халқының қолөнері»

Мақсаты: Қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің негізінде оқушылардың білім көлемін кеңейтіп, көркемдік талғамдарын дамыту.

Міндеттері:

Білімділік: халық ою-өнерінің шығуы, оның қандай ұғымда туып, қалай дамығандығы, ою-өрнек өнерінің бүгінгі өмірімен байланысын түсіндіру.

Тәрбиелік: Оқушылардың өнерге деген талғам-танымын шыңдау.

Дамытушылық: Оқушылардың қазақ халқының қолөнер туындылары негізінде дүниетанымы мен көркемдік-эстетикалық талғамын дамыту.

Ұйымдастыру тәсілі: Әңгіме, әңгімелесу, не болмаса сұрақ-жауап түрінде, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бейнелеу және өнер факультетінің студенттерімен, өнер адамдарымен кездесу түрінде өткізуге болады. Айшабибі мазарына экскурсия жасау. Қазақстан Республикасының Орталық мұражайына бару және т.б.

Көрнектілік:

1. Қазақ халқының ою-өрнектерінің түсті көшірмелерін көрсеу, Ою-өрнектердің түрлерін эпидиаскоппен көрсету.
2. Т. К. Васнецовтың “Орнамент Қазақстана в архитектуре”-деген кітабын пайдалану.
3. Қазақстанның ою-өрнек өнеріне қатысты тағы да басқа еңбектерді пайдалану.
4. Осылар негізінде көрме ұйымдастыру.
5. Оқушылардың атқарған жұмыстарын көрмеге қою.

Өткізу мерзімі, уақыты:

Дайындық барысы: Оқушылар үйлерінде кездесетін ою-өрнектері бар заттардың суретін сызып, оларды тәрбие сағатына алып келу және көрмеге ілу.

2. Үлкендерден ою-өрнекке байланысты мәліметтер жинау, оның маңызын білу.

Жоспары:

Кіріспе: Мұғалім Қазан революциясына дейін шығыс халықтарының бейнелеу өнері көбіне ою-өрнек түрінде дамып келетіндігін оқушыларға қысқаша әңгімелеп, ою-өрнек дегеніміз не, оның шығу тарихы, ою-өрнектің маңызы туралы мағлұмат береді.

Негізгі бөлім:

1. Оқушылардың күні бұрын жинаған, дайындаған, үйлерінде кездесетін ою-өрнекті заттардың суреттері бойынша пікірлерін тыңдау.

2. Бұдан соң мұғалім эпидиаскоппен ою-өрнектердің түрлерін көрсетіп, балалардың әңгімелері негізінде білімдерін толықтырады. Ою-өрнектердің аттарын, олардың ерекшелік-терін, қандай жерлерге қолданылатыны, оның жасалу жолдарын қызықты етіп әңгімелейді, /эпидиаскоп болмаған жағдайда әртүрлі ою-өрнектердің суреттерін тақтаға іліп түсіндіреді. Мұндай суреттер “Қазақстан әйелдері”, “Парасат” журналдарында болуы мүмкін./

3. Мүмкін болған жағдайда оқушылардың сұрақтарына жауап беру.

4. Ою-өрнекті қалай салу жолдарына тоқталу /мысалы, киіз басу/

5. Оқушыларды тақтаға шығарып, өз ойларынан ою-өрнек құрастыруды ұйымдастыру, оларға сыйлық тапсыру.

6. Қорытынды.

Өту барысы:

Тәрбие сағатына керекті материалдар:

Қазақ халқының қолөнері сонау ескі заман тарихымен бірге өсіп, біте қайнап келе жатқан өте бай қазына. Ол тек қазақ халқының ғана емес, сондай-ақ туысқан Орта Азия халықтары мен орыс халқының қолөнерімен де ұштасып келеді.

Қазақ халқының қолөнері деп халық тұрмысына жиі қолданылатын өру, тігу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық өнер жиынтығын айтамыз. Осы қолөнер түрлерінің талай ғасырлық тарихы бар.

Қазақ халқы өзінің күнкөріс тіршілігіне қажетті үй салуды, киім-кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбе-күнгі тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасап, өмірді де сән-салтанатты құра білді. Бұдан біз халық шығармасының қандай түрі болса да оның өмірімен қоғамдық тарихымен, күнкөріс кәсібімен тығыз байланысты екенін көреміз.

Бұл жөнінде архитектор Т. К. Басенов “Орнамент Казахстана в архитектуре” атты кітабында: “Халықтық өнерге тұрмыс-салт жабдықтарымен қатар аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті жабдықтар да кіреді. Киіз үйдің сүйегін /кереге, уық, шаңырақ/, ағаш кереует, кебеже, сандық жасау, кілем тоқу, жіп есу, кенеп және иленген теріден қайыс таспа тілу, өрімдер өру, әр алуан ыдыстар т.б. көптеген заттарды халық шеберлері, өнерпаздар өз қолдары-мен жасап, түрлі нақыштармен әшекелейтін болды. Қолөнер-дегі көңілге қонымды мәнерлер мен ондағы қолданылған әдістер архитектурада кеңінен орын алып келеді” – дейді.

Қазақстанда өрнекті әшекеймен істелетін қолөнердің түрлері де өте көп. Олардың ішінде халық арасында көбірек тарағаны - ою-өрнек өнері. Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ **қолөнерінің** барлық түріне ортақ әсемдеп, әшекейлеудің негізі болып келеді.

Ою сөзімен **өрнек** сөзінің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойлап, кесіп алып жасау немесе екі затты кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Көбінесе бір өрнекке салып қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырдақтың қиығын, сондай-ақ барлық қошқар мүйіз өрнектерін де ою деп атайды.

Өрнек дегеніміз әртүрлі ою, бедер, бейненің күйдіріп, жалатып, батырып, қалыптан істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан көбінесе ою-өрнек деп қосарланып айтыла береді.

Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа, бір шебердің ұсталық, іскерлік мәнерінен екінші біреуге үнемі ауысып отырғандықтан, осы күні кейбір облыстардағы қошқар мүйіз өрнегі бастапқы бейнесінен өзгеріп кеткен, “Ырғақ”, “Сағат бау”, “Түйе табан”, “Жүрекше”, “Қаз табан” деп аталатын әдемі түрлері кейбір шеберлердің орындауында олпы-солпы болып шығып жүр.

Нағыз әсем өнер ғана адам жанына рухани азық болады, адамның адамгершілік сезімін молайтады.

К. Маркс: “Көне заман өнерлерінің шығармашылығы өзгелерге әлі де болса көрермендер ләззатын беріп келеді және белгілі бір мағынада алғанда қол жетпес үлгі-өнеге болу маңызын да сақтап отыр” – дейді.

Қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің түпкі негізін іздестіру ісінде Т. К. Басеновтың “Орнамент Казахстана в архитектуре” деген кітабы көптеген құнды деректерге толы. Кітапқа халық ою-өрнек өнерінің шығуы, оның қандай ұғымда туып, дамығандығы, ерте кездегі қауымдардың мекендестігі, кәсібі мен әдет-ғұрпы жайында толық айтылған.

Автор ою-өрнек элементтерінің даму тарихын көрсете келе, оларды түр-түрге ажыратады. Мысалы: “Арқар мүйіз”, “Қырық мүйіз”, “Сыңар мүйіз”, “Қармақ”, “Ырық”, “Қошқар мүйіз”, “Күлте” т.б. Т. К. Басеновтың осы кітабында архитектуралық өрнектер де көрсетілген. Олардың ішінде Айшабибінің мазарындағы өрнектер өз заманында жасалған сәулет өнеріндегі асқан шеберліктің тамаша белгісі. /Осы тәрбие сағатынан соң Айшабибі мазарына саяхат ұйымдастырудың маңызы зор/.

Қошқар мүйіз. Мұғалім қошқар мүйізді дәптер бетіне қалай орналастыру керек екендігін түсіндіреді. Оны тақтаға оқушылармен қоса сызады.

1. Сурет дәптерінің бетіне бір төрт бұрыш аламыз. Бұл дәптердің ортасына орналасуы керек.

2. Төрт бұрышты үш бөлікке бөлеміз. Мұндай сызықтарды көмекші сызықтар деп атайды. Бұл сызықтар жіңішке етіп сызылады да, соңынан өшіріліп тасталады. Әрбір кезеңді орындаған кезде мұғалім сыныпты аралап көріп шығады. Оқушылар бірдей жұмыс жасауы қажет.

3. Мұғалім қошқар мүйіздің бейнесін түсіреді де, үлгере алмай жатқан оқушыларға көмекке келеді

4. Қошқар мүйізді сызуды аяқтау кезеңі.

- *Сөйтіп, қошқар мүйіз оюын салуды үйрете отырып, оқушыларды осы оюға қызықтыра түсіру үшін тәрбие сағатын қошқар мүйізді жасалған түрлі-түсті үлгілер арқылы жалғастыра түседі.*



Тақтаға оларды орналастырудың бірнеше түрлері көрсетіледі. Енді оқушыларды тақтаға шығарып, өз ойларынан ою-өрнек құрастыру керек екенін түсіндіреді. Оқушылар өзінше түрліше қошқар мүйіз өрнегін сала бастайды.

- *Үйге тапсырма.*

- Үй сандығы бетіндегі қошқар мүйіз өрнегін көркемдеп салу.
- Міне, осындай жүйелі жұмыс жүргізілген мектептерде оқушылар өнердің әр саласынан эстетикалық ләззат ала білетін дәрежеге жететіні сөзсіз.
- Қорыта айтқанда, мектепте оқушыларға өнер саласынан эстетикалық тәрбие берумен бірге жас талапкерлерді өнер өріне ұмтылуға дағдыландыру да керек.

•2.12.8. Сынып сағатын талдау үлгісі

•/шартты түрде алынған/

- 
- 
- 1. Тәрбие сағатын ұйымдастырушының аты-жөні.
 - 2. Тәрбие сағаты қай сыныпта, қандай мектепте өтті.
 - 3. Тәрбие сағатының тақырыбы, мақсаты қандай?
 - 4. Тәрбие сағатының формасы және әдісі қандай?
/Кеш, конференция, пікірталас, әңгіме, жиын, жиналыс/.
 - 5. Тәрбие сағатының міндеттері өткізіліп отырған сынып ұжымының мүддесіне сай келе ме?
 - 6. Тәрбие сағатының дайындық және өткізу кезеңдеріндегі оқушылар, сынып белсенділері және ұйымдасдырушысының белсенділік деңгейі қандай болды?
 - 7. Тәрбие сағатын өткізу барысында қолданылған әдістер, көрнекіліктер, техникалық құралдар, музыкалық шығармалардың маңызы, оларды қолдануда тәрбие сағатын ұйымдастырушысының шеберлігі қандай дәрежеде болды?

- 8. Тәрбие сағатының мазмұны оның тақырыбы мен мақсатына сай келе ме?
- 9. Тәрбие сағатының жоспарында көрсетілген кезеңдердің жүйелік, бірізділік қағидасы сақталған ба?
- 10. Тәрбие сағатының өту барысында аудиториялық көңіл күй қандай болды?
- 11. Тәрбие сағаты сынып ұжымына қалай әсер өтті? Себебі.
- 12. Тәрбие сағатын дайындау, өткізу барысында қандай кемшіліктер болды? Болса, оларды болдырмау үшін қандай тілегіңіз немесе ұсынысыңыз бар?
- 13. Тәрбие сағатында қолданылған көрнекіліктердің тартымдылығы, оқушылар ұжымына ықпалы қандай дәрежеде болды?
- 14. Осы сынып ұжымымен келешекте өткізілетін тәрбиелік шаралардың мазмұны және бағыты қалай болуы керек деп ойлайсыз?

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1. Педагогика. Дәріс курсы. Алматы: «Нұрлы Әлем», 2003. - Б. 135-151.
- 2. Әбенбаев С. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқулық. /С.Әбенбаев, Г.Ахметова. - Астана: Фолиант, 2017. Б. 181-195.
- 3. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. - Алматы: Дарын, 2004. - Б. 196-211.
- 4. Әбенбаев С. Сынып жетекшісі: оқу-әдістемелік құрал. Алматы: Дарын, 2004. Б. 67- 82.
- 5. Ұзақбаева С.А., Жалғасова Ш.Ә., Жансугурова К.Т. Тәрбие өнері. - Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2017. - 88 б.
- 6. Узакбаева С., Абилова З., Сарканбаева Г. Организация и проведение внеклассных мероприятий. - Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2017. - 88.
- 6. Омаров. Класс сағаты. - Алматы: Мектеп, 1985.
- 7. Тәрбие сағаттарының үлгі тақырыптары / «Қазақстан мектебі», № 1-2000. - Б. 8.